

## ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САЯСАТ

### «Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес АҚ

«Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы телекоммуникация және энергетика саласында жоғары білікті мамандарды даярлау бойынша Қазақстан Республикасындағы жетекші университет болып табылады.

Әр түрлі саланың қоршаған ортаға тигізетін кері әсерін азайту немесе азайтудың маңыздылығы мен қажеттілігін толық түсінген «Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы келесі мақсаттарды қояды:

- кәсіпорынның қоршаған ортаға кері әсерін болдырмау немесе азайту үшін экологиялық қызметтің басым бағыттарын анықтау және үнемі дамыту;
- кәсіби қызметтің жүзеге асыру кезінде табиғатты ұтымды пайдалану және энергияны үнемдеу қағидаттарын басшылыққа ала отырып бакалаврлар, магистранттар мен докторанттардың экологиялық білімін арттыру;
- атмосфералық ауаны және су ресурстарын қорғауға, өндірістік қалдықтардың қоршаған ортаға теріс әсерін азайтуға, жерді өнеркәсіптің теріс әсерінен қорғауға және қоршаған ортаны қорғаудың тиімді құралдарын таңдауға деген ұмтылыстарын қолдайтын жоғары білікті мамандар даярлау.

«Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының қызметкерлері экологиялық саясаттың мақсаттарына қол жеткізу үшін ISO 14001 стандартының ережелерін және келесі қағидаларды басшылыққа алуға міндеттенеді:

- 1) ұйымға қолданылатын және оның экологиялық аспектілеріне қатысты Қазақстан Республикасының заңнамалық, нормативтік және техникалық актілерінің ережелерін орындау;
- 2) қажетті түзету және профилактикалық іс-шараларды уақтылы әзірлеу және іске асыру мақсатында ластану көздерінің жай-күйіне жүйелі мониторинг жүргізу;
- 3) экологиялық менеджмент жүйесінің жай-күйіне мониторинг және талдау жүргізуге, оны үнемі жетілдірудің мүмкіндіктерін айқындау үшін уақтылы басқару шешімдерін қабылдау;
- 4) түлектерге қойылатын нақты талаптарды анықтау үшін білім беру бағдарламаларын өндірістік компаниялардың өкілдерімен үнемі үйлестіру;
- 5) жүргізіліп жатқан экологиялық саясат мәселелері бойынша қоғаммен және ұйымдармен байланыс орнатуға, жеткізушілер мен мердігерлерге қоршаған ортаны қорғау талаптарын қою;
- 6) қоршаған ортаны қорғаудың жоспарланған шараларын қаржылық және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету.

«Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының басшылығы экологиялық саясатты іске асыру, экологиялық менеджмент жүйесінің жұмыс істеуі және үнемі жетілдірілуі үшін жеткілікті ресурстар бөлу үшін жауап береді.

«Ғұмарбек Дәукеев атындағы  
АЭЖБУ» Ке АҚ ректоры



С.Сагинтаева